

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

укрепление межэтнических отношений, и развитии медиа и информационных технологий в стране.

В целом, правительству и СМИ Казахстана необходимо продолжать борьбу со стереотипами и предрассудками, которые могут препятствовать этнической интеграции. СМИ должны играть важную роль в этом процессе, предоставляя обществу более объективную информацию о представителях разных этнических групп. Необходимо, чтобы СМИ относились к этническим различиям с уважением и чувствительностью, избегая материалов, которые могут вызывать конфликты. СМИ также должны учитывать культурные различия, чтобы избежать обид и разногласий. Помимо этого, крайне важно проводить обучение среди журналистов культурным и этническим различиям. Дополнительно, можно создать межэтнические комиссии в СМИ, которые могут помочь предотвратить конфликты и продвигать межэтнический диалог через СМИ.

#### **Список использованных источников**

1. Абылкасымова А. Р. Роль СМИ в снижении этнических напряженностей в Казахстане // Central Asian Journal of Communication Studies, 2016. URL: <https://cajcs.org/index.php/cajcs/article/view/56/40/> (дата обращения: 21.03.2023).

2. Межэтнические отношения // Министерство информации и общественного развития РК. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/1382?lang=ru> (дата обращения: 23.03.2023).

3. Бижанова М. Предупреждение межэтнических конфликтов в Республике Казахстан: от всеобщего подхода к локальным решениям // Soros Kazakhstan Foundation. Алматы, 2018, 34 с.

4. Бюжеева Б.З., Әліпбаев А.Р., & Әбдінағи Ж.С. Влияние СМИ на развитие межэтнических проблем // Известия. Серия: Международные отношения и Регионоведение, 50(4), 2022, С. 73-87. URL: <https://bulletin-irr.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/236> (дата обращения: 22.03.2023).

5. Сченснович В.Н. Воздействие средств массовой информации Казахстана на этнополитику республики (аналитический обзор) // Россия и мусульманский мир, 1(319), 2021, С. 65-78.

УДК 11.25.40.

### **АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ.**

**Аккожина Нүргүл Ормановна**

akkojina@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 1 курс докторанты

Ғылыми жетекшісі – Даркенов Қ.Ғ.

1991 жыл және 1992 жылдың бірінші жартыжылдығы Америка Құрама Штаттары үшін Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттерді дипломатиялық мойындау уақыты болды. АҚШ-тың Орталық Азия аймағындағы саясатында үлкен рөлге қауіпсіздік және

тұрақтылық ие болды. Яғни, осы уақыттарда 1994 жылы Солтүстік атлантикалық келісім шарт ұйымы шеңберінде (НАТО, ағылшын тілінде - North Atlantic Treaty Organization, NATO) «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы және 1991 жылғы Еуроатлантикалық әріптестік кеңес шеңберіндегі ынтымақтастық бастау алды. АҚШ-тың Орталық Азиядағы саясатының түп орнымен өзгеруі 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террорлық актімен байланысты [1].

АҚШ Орталық Азиядағы мемлекеттерімен тығыз қатынас орнатты. Соның ішінде, Өзбекстан АҚШ-қа осы аймақта ең бірінші болып өз әскери инфраструктурасын қолдануға рұқсат берді. Ханабада авиабазасында америка әскер қызметкерлері орналастырылды. 2002 жылы АҚШ және Өзбекстан стратегиялық ынтымақтастық пен серіктестік негізінде келісім шартқа қол қойды [2].

2010 жылы Өзбекстан Президенті Ислам Каримов Өзбекстан және АҚШ-тың арасындағы ынтымақтасты нығайтатын Жоспарды бекітті. Бұл Жоспардың басым бөлігі Ауғанстанға көрсетілетін көмек және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты қамтыды. Яғни, АҚШ Өзбекстан офицерлерін АҚШ әскери оқыту мекемелері және «Халықаралық әскери білім беру және оқыту» (IMET) бағдарламасы негізінде дайындауды немесе қайта дайындауды ұйымдастырды. Сонымен қатар, шекара қауіпсіздігі, терроризммен күрес, «Шетел әскери қаржыландыру» (Foreign Military Financing), «Артылған қаруландыруды тапсыру» (Excess Defence Articles) бағдарламалары негізінде ынтымақтасты. Ауғанстан территориясына өтетін әскери емес жүкті тасымалдауда төнетін қауіп-қатер және қолданылатын шаралар жөнінде ақпаратты алмасуға келісті. Сондай-ақ, Өзбекстанның аймақтық қауіпсіздік саласындағы бастамасына қатысты Атлант кеңесімен жүзеге асыратын шаралар жоспарланып, БҰҰ қамқорлығымен Ауғанстан бойынша «6+3» байланыс тобы құрылды [3].

Аталған операциялар басталғаннан кейін АҚШ Өзбекстанға аймақтық қауіпсіздік қамтамасыз етуге байланысты халықаралық терроризм және Ауғанстанның жағдайы бойынша консультациялар бере бастады. Осыған байланысты, АҚШ Сенатымен қабылданған 1993 жылғы «Қауіп-қатерді бірігіп шектеу» атты бағдарламасы, өзбек-америкалық серіктестігінің бастамасы болды. НАТО шеңберіндегі «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы бойынша «Кооператив Оспрей-96», «Центразбат», «Кооператив Нагет-97», «Центразбат-97», «Кооператив Оспрей 98», «Центразбат 98» атты оқытулар өткізілді [4].

Сонымен қатар, АҚШ Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатты. 1993 жылы Қазақстан Республикасы «Ядролық қару-жарақты таратпау» туралы шартына қосылды. 1994 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан НАТО-ның «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына шақырылды.

Жоғарыда аталған әрекеттер нәтижесінде Орталық Азия аймағында көпсатылы аймақтық қауіпсіздік жүйесі құрылды:

1. Аймақтық қорғаныс бөлімшесі — Орталық Азия батальоны;
2. ТМД-ның бітімгершілік әскери құрылымы;
3. Бейбітшілік үшін әріптестік бағдарламасы;
4. Шанхай ынтымақтастық ұйымы және т.б.

1994 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекетаралық қауіпсіздік кеңесін құру жөнінде келісімге қол қойды. 1995 жылы аталған үш мемлекет, БҰҰ қамқорлығымен «Ценразбат» ұжымдық бітімгершілік батальонының құру жөнінде келісімге қол қойды. Яғни,

бұл келісімді жүзеге асыру, бітімгершілік шараларын ұйымдастыру жөнінде кеңес беру немесе тәжірибе алмасу БҰҰ-на және НАТО-ға жүктелді. 2001 жылдың 11 қыркүйектегі болған АҚШ-тағы оқиғадан кейін Орталық Азия мемлекеттері терроризмге қарсы шығу мақсатымен Еуроатлантикалық әріптестік кеңесінің мүшелігіне қосылды. 2001 жылы Қазақстан Ауғанстандағы НАТО коалициясын қолдайтыны туралы жариялады. Сондай-ақ, Қазақстан және АҚШ Каспий теңізі ауданындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылды. Қазақстан АҚШ-тың терроризмге қарсы саясатын қолдап, Ауғанстанның бітімгершілік операцияларына қатысатынын білдіріп, 2001 жылы Казбатты тиісті жерге жіберді.

Қырғыстанға келетін болсақ, АҚШтағы 11 қыркүйектегі террорлық актіден кейін Манас базасы жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл АҚШ және Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық күшейген кез болды. Ауғанстанмен шекараласатын аумақты АҚШ-на аэродром мен әскери базаларды жалға берді [5].

Қазақстан мен АҚШ арасында кең ауқымды және терең әрекеттесумен сипатталатын стратегиялық әріптестік орнатылды. Мемлекеттер арасында шартты-құқықтық берік базасы құрылды.

2006 жылдың 26-29 қыркүйек аралығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Вашингтонға сапары барысында энергетика, әскери ынтымақтастық, сауда, инвестиция және демократизация салалары бойынша стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Құжатта АҚШ-тың Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуына қолдау көрсетуі және Джексон-Вэник түзетулері туралы айтылды. 2010 жылдың 11-14 сәуірінде ҚР Президенті Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитке қатысу аясында АҚШ-қа ресми сапар жасады. Елбасы Президент Б.Обамамен, Энергетика министрі С.Чумен, сондай-ақ еврей ұйымдары мен АҚШ-тың ең ірі корпорацияларының басшыларымен кездесулер өткізді. Екі ел басшыларының кездесуінде Қазақстан және АҚШ арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Ғаламдық қауіпсіздік, оның ішінде, ядролық қаруды таратпау, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру, сауда-экономикалық ынтымақтастық және Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы мәселелері талқыланды. 2011 жылы 22 қыркүйекте Нью-Йоркте БҰҰ Бас ассамблеясының 66-сессия барысында Елбасының АҚШ Президенті Б.Обамамен кездесуі өтті. Екі ел көшбасшылары екіжақты қарым-қатынастар мәселелерін, ядролық қауіпсіздік, лаңкестікке қарсы күрес және т.б. талқылады. Бұл іс-шараның шеңберінде АҚШ, ГФР және АИР сыртқы саяси ведомство басшыларының төрағалығымен «Жаңа Жібек жолы» мәселелері бойынша брифинг өтті. Қазақстандық делегация Оңтүстік және Орталық Азияны Ауғанстанмен қосатын экономикалық және транзиттік байланыстардың өңірлік желісін құру жөніндегі аталған америкалық бастамаға өз қолдауын білдірді. 2011 жылы 12-13 қазанда Астана және Семей қалаларында Елбасының қатысуымен Семей полигонының жабылуының 20-жылдығына арналған «Ядрсыз әлем үшін» халықаралық форумы өтті. Нәтижесінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартының қатысушысы болып табылатын барлық мемлекеттердың, осы құжаттағы талаптардың орындалуының маңыздылығын құптайтын мойындайтын декларация қабылданды. 2012 жылы 26 наурызда Сеулде Ядролық қауіпсіздік саммитінің шеңберінде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың АҚШ Президенті Б.Обамамен кездесуі өтті. Екі елдің көшбасшылары ядролық қауіпсіздік, таратпау және қарусыздандыру салаларындағы ынтымақтастық және Қазақстанның ДСҰ-на кіру перспективалары бойынша пікір алмасты. Қазақстан Республикасы және АҚШ-тың әскери-қорғаныс саласындағы ынтымақтастықтың негізі 1994 жылы 14 ақпандағы ҚР Қорғаныс министрлігі

және АҚШ Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери қарым-қатынастар саласындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандум және 2008 жылы 1 ақпандағы ҚР Қорғаныс министрлігі және АҚШ Қорғаныс министрлігі арасындағы 2008-2012 жылдарға арналған Бесжылдық жоспарына және оны іске асыруға қатысты меморандум негізінде жүзеге асырылды. Жоспар Казбаттың, аэромобильді әскерді, әскери-теңіз күштерінің жауынгерлік қабілеттігі мен бітімгершілік әлеуетін күшейту, сондай-ақ Каспий маңындағы өңірдің әскери инфрақұрылымын дамыту салаларын қамтиды [6].

Бүгінде АҚШ пен Қазақстан әскери-саяси ынтымақтастығын нығайтып кеңейтуде. Осы тұрғыда Вашингтонда 2018 жылы қол қойған әскери-техникалық ынтымақтастықтың бес жылдық жоспары маңызды рөлді атқарады. Бұл құжат Қазақстан Республикасының қарулы күштерін НАТО стандарттарына сәйкес реформалауға бағытталған. Сонымен қатар, Каспий мұнайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы жасақтарды дайындайды. Бұл құжат шеңберінде АҚШ Қазақстанда офицерлерді даярлауға, сондай-ақ осы саладағы реформаларды жүргізуге көмектесуде кәсіптік білім беруге көмектеседі. Экспорттық бақылауды және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін АҚШ өз тарапынан қаржыландыруды қайта жандандырып, 2019 жылы Қазақстанға 1,7 миллион доллар қаржы бөлді [7].

1991 жылы Тәжікстан өз тәуелсіздігіне ие болып, 1992 жылдан бастап, 1997 жылғы дейін азаматтық соғыс сияқты ішкі сипаттағы мәселелерге тап болды. Тәжікстан 1992 жылы Солтүстікатлантикалық серіктестігі кеңесіне қосылып, «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына қосылуға асықпады. Бұл бағдарламаға Түркменстан, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыстан мемлекеттері 1994 жылы қосылғанмен, Тәжікстан 2002 жылы қосылды. «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы шегінде әр түрлі оқытуларға қатысып, соның ішінде, әскери басқару және төтенше жағдайлардағы әрекеттерге аса көңіл бөлінді. Сонымен қатар, Тәжікстан мен альянс арасындағы тәжірибелік ынтымақтастық жеке әріптестік бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Яғни, бұл «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасының жұмысшы тетігі болып табылды. Бағдарламаның негізгі бағыты Тәжікстан әскеріне ұлттық әскери кадрларды дайындау болып табылды. Тәжікстан альянсқа Ауғанстан мәселесі бойынша көп көмек көрсетті. Яғни, өз территориясы арқылы НАТО-ның әскери емес жүгін Ауғанстанға өткізді. Сонымен қатар, НАТО мен Тәжікстан терроризммен күрес саласында тығыз қарым-қатынас орнатқан. Яғни, Солтүстік атлантикалық альянс бұл территорияда антитеррорлық орталықтың ашылуын көздеді. Бұл орталық тек ұлттық масштабта емес, аймақтық аумақты қамтуы мүмкін [8].

Тәжікстан Республикасы және Америка Құрама Штаттарының арасындағы дипломатиялық қатынас алғаш рет 1992 жылы 14 ақпанында орнатылған. АҚШ пен Тәжікстан Республикасының арасындағы екітарапты қатынастың маңызды оқиғасы ретінде Ауғанстан мен Тәжікстан арасындағы жолды қосатын Пяндж өзеніндегі АҚШтың қолдауымен көпірдің салынуы болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі таңда екі ел арасында экономика, гуманитарлық, әскери-саяси, халықаралық терроризммен күресу және т.б. салалар бойынша ынтымақтасады. АҚШ және Тәжікстан үкіметтерінің арасында екіжақты қарым-қатынас орнатқан кезден бастап 30-дан аса құжаттарға қол қойылды [9].

11 қыркүйекте болған оқиғадан кейін, Түрікменстандағы америка саясаты күшейе түсті. Түрікменстан, Қазақстан және Тәжікстан мемлекеттері, Ауғанстанға апарылатын гуманитарлық мақсаттағы халықаралық коалициялық күштер мен АҚШ авиациясының ұшуына әуе кеңістігін ашты. 2002 жылы Түркменстан мен АҚШ-тың арасында түркмен әуе кеңістігінде АҚШ әскери-транспорттық авиациясының ұшақтарын қолдануы жөнінде және

Ауғанстан территориясына жеткізілетін гуманитарлық жүкті апаратын ұшақтарды Ашхабад қаласында жанармай құю мақсатында халықаралық азаматтық әуежайды қолдануы жөнінде келісім шарт жасалды. Бұдан басқа, АҚШ-тың бастауымен Түркменбасшы қаласында офицерлерге қатысты семинарлар өткізіліп тұрады. Яғни, бұл оқытудың мақсатына теңіз тексерісі, кемелерді тоқтату, есірткі заттарын тану және кемедегі жасырын бөліктерді табу жатады. Сонымен қатар, «Алтын Асыр» бақылау-өткізу пунктінің ашылуына себеп болған, Невада штатындағы Ұлттық Гвардиямен ынтымақтастығын атап өтуге болады [10].

1994 жылы 10 мамырда Түркменстан Үкіметі «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына қосылды. Түркменстанның «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына қатысуы, бұл мемлекеттің халықаралық тану мәртебесіне сәйкес, Ұлттық әскери доктринасымен анықталады.

Қазіргі уақыттағы С5+1 форматындағы ынтымақтастыққа тоқталатын болсақ, бұл диалогтың жаңа форматын бастау туралы шешім 2015 жылғы 26 қыркүйекте Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясы барысында қабылданды. БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысынан кейін АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джон Керри Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан сыртқы істер министрлерімен кездесті. Кездесу нәтижесінде тараптар АҚШ және Орталық Азия қарым-қатынастарын жақсартуға және өңіраралық ынтымақтастықты қажет ететін бірлескен жобаларды шешуге бағытталған жаңа көпжақты диалог алаңын, атап айтқанда С5+1 бастамасын құру туралы шешім қабылдады. Орталық Азияның бес мемлекеті АҚШ-тың аймақтық шеңберде экономикалық және инвестициялық байланысын кеңейтуді қалайтыны әбден түсінікті. Екінші жағынан, АҚШ аймақтағы Ресей және Қытай жетекшілік ететін интеграциялық бастамаларға белгілі бір дәрежеде қарсы тұра алатын жаңа консультация механизмін әзірлегісі келді [11]. Алайда, бұл платформаның негізгі бағыттарының бірі, Орталық Азия мемлекеттерінің егемендігін қорғау, территориялық біртұтастығын сақтап қалу және қауіпсіздігін қамтасыз етуге көмектесу болып табылады.

Қорыта келе, АҚШ әлемдік саяси және экономикалық дамуда үлкен рольды атқаратын әлемдегі ықпалды акторлардың бірі болып табылады, осыған байланысты, Орталық Азия қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында да маңызды орын алып үлгерді. Қазақстандық сарапшы М. Ашимбаев: «Аймақтағы мемлекеттердің АҚШ пен көпжақты қарым-қатынас орнату Орталық Азияның дамуының маңызды факторы болып табылады және қазіргі таңдағы қауіп-қатермен күресуге көмектеседі. АҚШ аймақтағы интеграцияны қолдап қана қоймай, сонымен қатар, әр түрлі аймақтық ынтымақтастықты тереңдету мақсатында бастамалар ұсынады» деп атап өткен болатын [12].

Қазіргі таңда, Орталық Азия мемлекеттері АҚШ, Ресей және Қытай сияқты ірі мемлекеттермен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өте тығыз қарым-қатынас орнатты. Бұған дәлел ретінде, жоғарыда аталып өткен берік шартты-құқықтық база болып табылады. Яғни, аймақтағы мемлекеттер екі жақты және көпжақты нысандағы қарым-қатынас орнатты. Аталған, шарттық-құқықтық база халықаралық терроризммен күрес, бітімгершілік күшті дамыту, әскери инфрақұрылымды дамыту, әскери теңіз күші мен әуе қорғаныс күшін дамыту, шекарадағы қауіпсіздік сияқты салаларды қамтиды. Аймақтағы барлық мемлекеттер үшін тұрақтылық басымдылық берілетін аса маңызды бағыт болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Казанцев А. Политика США в постсоветской Центральной Азии: характер и

перспективы. Вестник МГИМО. - №4. - 2012.

2. United States – Uzbekistan Declaration on the Strategic Partnership and Cooperation Framework. 2002. URL: <http://www.state.gov/r/pa/prs/ps/2002/8736>. (accessed 05.03.2023)

3. Толипов Ф. Военных силы Узбекистана спустя двадцать лет после обретения независимости. Электронный ресурс. URL: <https://journals.openedition.org/pipss/3785>. (Дата обращения 05.03.2023 г.)

4. Узбекистан и США активизирует военное сотрудничество. Электронный ресурс. URL: <https://iz.ru>. (Дата обращения 07.03.2023 г.)

5. Панкратьев В.П. Центральная Азия и Запад. Электронный ресурс. URL: <http://www.vostokoved.ru/Статьи/2009-11-01-20-17-41>. (Дата обращения 07.03.2023 г.)

6. Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің сайты [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

7. Гегелашвили Н. А., Модникова И. В. Узбекистан и Казахстан-фокусные государства Центральной Азии в политике Вашингтона //США и Канада: экономика, политика, культура. – 2021. – Т. 51. – №. 5. – С. 51-68.

8. НАТО и Таджикистан. Ақпараттық-аналитикалық портал. Электронный ресурс. <http://нато.рф>. (Дата обращения 07.03.2023 г.)

9. Тәжікстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің ресми сайты. URL: <http://mfa.tj>.

10. Старчак М. Россия в попытке сотрудничества с Туркменистаном в сфере безопасности и обороны. // Центральная Азия и Кавказ. -№2 (62). -2009.

11. "New Format of Dialogue between the U.S. and Central Asian States: C5+1 Initiative". *Eurasian Research Institute*. Retrieved August 14, 2021. URL:<https://www.eurasian-research.org/publication/new-format-of-dialogue-between-the-u-s-and-central-asian-states-c51-initiative/>. (accessed 05.03.2023).

12. Ашимбаев М. Сотрудничество с США и национальные интересы Казахстана. // Казахстан и США: состояние и перспективы двухстороннего сотрудничества: Материалы международной конференции (Алматы, 23 августа 2006 г.) -Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента РК, 2006. С.7.

УДК 551.482

## **ПРОБЛЕМА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**Байдюсенова Нурай Серикпаевна**

[nbaydyusenova@mail.ru](mailto:nbaydyusenova@mail.ru)

Студент 4 курса кафедры регионоведения, факультета международных отношений Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Кушкумбаев А.К.

Аннотация.

В статье анализируется состояние "водной проблемы" в Центральной Азии (ЦА), обусловленной природно-географическими факторами, ростом численности населения, а главное нерациональностью водопользования и несогласованностью "водной" политики. Вода является фундаментальной предпосылкой жизни и цивилизации. История человечества в немалой степени является историей преодоления водных проблем и